7. Қоғамның мөрі, өз атауымен бланктері және оның әрекетін жүзеге асыруға қажетті басқа да деректемелері бар.

8. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексті, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдылығымен орнатылған тәртіпте басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарында қатыса алады.

10. Қазақстан Республикасының заңды актілерімен қарастырылған тәртіпте, қоғам оның орналасқан жерден басқа жерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және оның атынан және қоғам тапсыруы бойынша олар туралы Ережелердің негізінде жұмыс жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3 Бап. Акционердің және акционерлердің жауапкершілігі.

11. Қоғам өзінің міндеттері бойынша өзінің мүлігі шеңберінде жауапты.

12. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттері бойынша жауапты емес. Акционер қоғамның міндеттері бойынша жауапты емес және оның иелігіндегі акциялардың шегінде қоғамның әрекетімен байланысты шығындар тәуекелдігін көтереді, тек Қазақстан Республикасының заңды актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа.

13. Қоғам мемлекеттің міндеттері бойынша жауапты емес, сондай-ақ мемлекет оның міндеттері бойынша жауапты емес.

4 Бап. Қоғам әрекетінің негізгі түрлері

14. Қоғам әрекетінің негізгі түрлері болып табылады:

1. электронды жабдықтың, электронды компоненттердің, компьютерлердің және қосақы бөлшектердің және радиоэлектронды құрылғылардың дизайны, өндіру, сату,

2. Internet технологияларды пайдаланумен экономикалық, өндірістік, технологиялық және басқа процесстерді басқарудың бағдарламалық-аппараттық кешендерінің дизайны, өндіру, енгізу және ілестіру;

3. электронды, есептеу және радиоэлектр жабдықты, қорғаныс және өрттік дабылнаманың құралдарын, құрылымдалған кабельді жүйелерді, видеобақылау жүйелерін орнату, баптау, жөндеу, ілестіру және техникалық қызмет көрсету;

4. ақпараттық технологиялар саласында консалтингтік қызметтер;

5. заңды және жеке тұлғаларға жарнамалық, өкілеттік, ақпараттық, кеңес берулік, қызмет көрсетулік және заңдылықпен тыйым салынбаған басқа да қызметтер көрсету;

6. Қазақстан Республикасының заңдылығымен тыйым салынбаған басқа да қызметтер көрсету;

Лицензиялауды қажет ететін әрекеттің түрлерін жүзеге асыру кезінде, қоғам орнатылған тәртіпте лицензия алу керек.

5 Бап. Қоғамның мүлігі мен капиталы

15. Қоғамның мүлігі құрылады:

- 1) акцияларды төлеу есебінде акционерлермен берілген мүліктен;
- 2) оның әрекетінің нәтижесінде алынған табыстардан;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдылығымен тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленген басқа да мүліктен;

6 Бап. Акциялар, облигациялар. Құнды қағаздарды орналастыру шарттары

16. Қоғам қарапайым акцияларды және артықшылыққа иеленген акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрінде шығарылады.

17. Бір түріндегі акция оның иеленуші әр акционерге осындай түрдегі акциялардың иеленушілерімен бірдей құқықтар береді, егер басқасы Заңымен» қарастырылмаса.

18. Қарапайым акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын береді, дауыс беруге шығарылған барлық мәселелер шешілген кезде дауыс беру құқығымен, қоғам таза пайда алған жағдайда дивидендтер алу құқығын, акционерлердің жалпы жиналысы тиісті шешім қабылдаған кезде, сонымен қатар қоғамның мүлігіне, қоғам Қазақстан Республикасының заңдылығымен орнатылған тәртіпте таратылған кезде.

Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

19. Қоғамның артықшылыққа ие акциясы оған келесі құқықты береді:

қарапайым акциялардың ұстаушылары болып табылатын акционерлер алдында дивидендтер алуға артықшылық құқыққа;

Қоғам таратылған кезде мүліктің бөлігіне, Қазақстан Республикасының заңдылығымен орнатылған тәртіпте.

20. Артықшылыққа ие акция акционерге қоғамды басқаруға қатысуға құқық береді, егер:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылыққа ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарастырып отырса. Осындай мәселе бойынша шешім тек осындай шектеуге артықшылыққа ие орналастырылған акциялардың жалпы санынан үштен екісі ғана дауыс берген кезде ғана шешім қабылданған болып саналады (сатып алынған акцияларды есепке алмай).

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта құру немесе тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылыққа ие акция бойынша дивиденд оны төлеу күні үшін белгіленген күннен бастап үшін ай мерзімінде толығымен төленбесе;

21. Акцияларды шығару, орналастыру, айналдыру шарттары мен тәртібі, сонымен қатар қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу акцияларды шығару проспектісімен орнатылады.

22. Қосымша құралдарды тарту үшін қоғам Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналдыру шарттары мен тәртібі, сонымен қатар олар бойынша сыйақылау, облигацияларды өтеу және оларды таратудан түскен құралдарды пайдалану қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу акцияларды шығару проспектісімен орнатылады.

7 Бап. Таза пайданы бөлісу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

23. Қоғамның таза пайдасы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерде төлеген соң) қоғамның басқаруында қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен орнатылған тәртіпте бөлінеді, оның ішінде дивидендтер төлеген кезде. Қалған бөлігі қоғамның дамуына немесе акционерлердің жалпы жиналысымен қарастырылған басқа да мақсаттарға бағытталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындылар бойынша қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу қажет еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Артықшылыққа ие акциялар бойынша дивидендтер төлеу қоғам органының шешім қабылдауын талап етпейді, тек нағыз жарғыда қарастырылған жағдайлардан басқа.

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Дивидендтер орналастырылмаған немесе қоғамның өзімен сатып алынған акциялар бойынша есептелмейді, сонымен қатар егер сотпен немесе акционерлердің жалпы жиналысымен оны тарату туралы шешім қабылданбаса.

24. Қоғамның қарапайым және артықшылыққа ие акциялары бойынша дивидендтер есептеу рұқсат етілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялар бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдылығына сәйкес төлем қабілеттігі жоқ немесе жай-күйілігі нашар қағидаларына сәйкес болса немесе көрсетілген қағидалар қоғамда оның акциялар бойынша дивидендтер төлеудің нәтижесінде пайда болса.

8 Бап. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

25. Қоғамның акционері құқылы:

1) нағызғы Заңмен және қоғамның жарғысымен қарастырылған тәртіпте қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) қоғамның әрекеті туралы ақпарат алу, оның ішінде қоғамның қаржылық есеп беруімен танысу, акционерлердің жалпы жиналысымен немесе қоғамның жарғысымен анықталған тәртіпте;

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан оның құнды қағаздарға меншікті құқығын растайтын жазбалар алуға;

5) акционерлердің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлауға кандидатурала ұсынуға;

6) соттық тәртіпте қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді даулау;

7) қоғамға оның әрекеті туралы жазбаша сұраулармен хабарласу және қоғамға сұрау берген күннен бастап отыз күн ішінде уәждеделген жауаптар алу;

8) қоғам таратылған кезде оның мүлігінің бөлігіне;

9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

Ірі акционер сонымен қатар құқылы:

1) акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс шақыруға немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан кезде оны шақыру туралы шағым берумен сотқа жүгіну;

2) нағызғы Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсыну;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруға құқылы;

4) өз есебінен аудиторлық ұйыммен қоғамның аудитын жүргізуді талап етуге;

26. Қоғамның акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) нағызғы акционердің иелігіндегі акциялардың тіркеушісін және атаулы ұстаушысын қоғамның акцияларын ұстаушыларының тіркеушісін жүргізуге қажетті деректер өзгеруі туралы хабарлау;

3) қоғамның әрекеті туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының басқа заңды актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді атқару.

Қоғам мен тіркеуші нағызғы тармақтың 2) тармақшасын орындамағаннан пайда болған қорытындылары үшін жауапты емес.

9 Бап. Қоғамның органдары

27. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Президент.

4) Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңды актілеріне және қоғамның жарғысына сәйкес басқа органдар.

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

10 Бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

28. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 8) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 10) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдау;
- 12) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 14) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 16) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 17) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 18) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;
- 19) шешім қабылдау осы Заңда және қоғам жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

1)-4) тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен

Қалған мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімдері дауыс беруге қатысатын қоғамның дауыс беретін акциялардың қарапайым көпшілігімен қабылданады.

29. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

30. Акционерлердің жылдық жылпы жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің;

Өз еркімен таратылу барысындағы қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның тарату комиссиясымен шақырыла, дайындала және өткізіле алады.

Қазақстан Республикасының заңды актілерімен акционерлердің жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

31. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен өткізу жүзеге асырылады:

- 1) Президентпен;
- 2) қоғамның тіркеушісімен онымен жасалған шартқа сәйкес;
- 3) директорлар кеңесімен;
- 4) қоғамның тарату комиссиясымен;

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау мен өткізу бойынша шығындарды қоғам көтереді, тек Заңмен орнатылған жағдайлардан басқа.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Заңмен орнатылған қоғам органдары акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез-келген қызығушылық білдірген тұлғаның шағымы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде, шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның ірі акционерінің шағымы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде, шақырылуы және өткізілуі мүмкін, егер қоғамның органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған болса;

32. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен қалыптасу керек және талқылауға шығарылған мәселелердің нақты құрастырылған тізімі болу керек. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе директорлар кеңесімен толықталуы мүмкін, егер қоғамның акционерлері осындай толықтаулар туралы жалпы жиналысты өткізу күнінен он бес күннен кеш емес мерзімді толықталу керек.

33. Ашық түрде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын ашылу кезінде, директорлар кеңесі олардың күн тәртібін өзгерту туралы алынған ұсыныстары туралы хабарлауға міндетті.

34. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының дауыстар көпшілігімен жүзеге асырылады.

35. Күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтаулар енгізілуі мүмкін, егер оларды енгізу үшін акционерлердің жалпы жиналысында қатысқан және қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайыздан кем емес иелігіндегі акционерлердің (немесе олардың өкілдері) көпшілігі дауыс берілген болса.

Акционерлердің жалпы жиналысымен сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтала алмайды.

36. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне қосылмаған мәселелерді қарастыруға, және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

37. Акционерлер («алтын акцияның» иесі) келесі келе жатқан жалпы жиналысты өткізу туралы күнтізбелі отыз күннен кеш емес хабарлау тиіс, ал егер сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде – жиналыс өткізуге дейін қырық бес күнтізбелі күндерден кеш емес.

38. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау бұқаралық ақпараттар құралында жариялау керек және (немесе) акционердің («алтын акцияның» иесіне) деректеріне оған жазбаша хабарлау беру арқылы жеткізіледі.

Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлауда болу керек:

- 1) қоғамның атқарушы органының атауы мен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамасын жасаған тұлға туралы ақпарат;
- 3) қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен орыны, жиналыстың қатысушыларын тіркеуді бастау, сонымен қатар өткізілу керек қоғамның акционерлерінің қайтадан өткізілген жалпы жиналысының күні мен уақыты, егер бірінші жиналыс болмаса;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға құқылы акционерлердің тізімін құрастыру күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін;
- 6) қоғамның акционерлерінің акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдарымен танысу тәртібі.

39. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңмен, және қоғамның басқа да қоғамның ішкі әрекетін реттейтін құжаттарымен анықталады, немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен тікелей түрде анықталады. Акционерлердің жалпы жиналысын ашылуына дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркеу жүзеге асырылады. Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

Артықшылыққа ие акциялардың меншікті иесі болып табылатын акционер күндізгі тәртіпте өткен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы, және онымен қарастырылатын мәселелердің талқылауына қатысуға.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

40. Заңмен акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі анықталады, оның ішінде келесінің тәртібі:

- 1) акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайтадан өткізілген жиналысын шақыру;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға құқылы тұлғалардың тізімін құру;
- 3) акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпараттау;

4) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін құрастыру және оған кірмейтін мәселелер бойынша материалдарды дайындау;

5) акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау;

6) есептік комиссияның қалыптастыру және әрекеті туралы;

7) акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің;

8) акционерлердің жалпы жиналысымен шешім қабылдау;

9) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру;

10) акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын құрастыру;

41. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

11 Бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

42. Қоғамның әрекетін жалпы басқаруды, тек Заңмен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жататын шарттардан басқа;

43. Директорлар кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

7) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

17) қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;

18) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

20) Заңда және қоғамның жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

44. Директорлар кеңесінің мүшесі болып жеке тұлға бола алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері келесі құрамнан сайланады:

1) акционерлер – жеке тұлғалардан;

2) директорлар кеңесіне акционерлердің қызығушылығын білдіретін тұлғалар ретінде сайлануға ұсынылған (тапсырылған) тұлғалардан;

3) басқа тұлғалардан (заңмен орнатылған шектеулерді ескере отырып).

Директорлар кеңесінің мүшесі болып қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционерлердің қызығушылығын білдіретін тұлғалар ретінде сайлануға ұсынылған (тапсырылған) тұлғалардан сайлана алады. Осындай тұлғалардың саны директорлар кеңесінің елу пайызынынан асты.

Президент директорлар кеңесіне сайлана алады, бірақ директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері үш адамнан аз болмау керек және оннан аспау керек. Қоғамның директорлар кеңесінің үштен бірінен кемі емес тәуелсіз директорлар болу керек.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға ұсынылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңдылығымен және қоғамның жарғысымен орнатылады.

45. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері санынан директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан құпиялы дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта төрағасын қайта сайлауға құқылы. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отрыстарын жүргізеді, сонымен қатар қоғамның жарғысымен орнатылған басқа да функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

46. Директорлар кеңесінің отырысының төрағасының немесе атқарушы органының бастамасы бойынша немесе талабы бойынша шақырылады:

1) директорлар кеңесінің кез-келген мүшелерінің;

2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;

3) қоғамның аудитын жасайтын аудиторлық ұйыммен;

4) ірі акционердің.

Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды

Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері жиналысқа қатысып отырған директорлар кеңесінің мүшелерінің қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде директорлар кеңесінің төрағасының дауысы шешулі болып табылады.

Қоғамның ішкі құжаттарымен директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы директорлар кеңесінің отырысының қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешім қабылдау қарастырылу мүмкін, және осындай шешімдер қабылдау тәртібі.

47. Сырттай дауыс беру арқылы жасалған шешім бюллетеньдерде көрсетілген мерзімде кворум болған жағдайда қабылданған болып саналады.

Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру шешімі жазбаша түрде рәсімделе алады және директорлар кеңесінің хатшысы және төрағасымен рәсімделеді.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілу керек, осы шешім қабылдауға мүмкіндік берген бюллетеньдерді ұсына отырып.

48. Күндізгі түрде өткізілген оның отырысында қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделеді, ол отырыста төрағалық еткен тұлғамен және директорлар кеңесінің хатшысымен отырыс өткен күннен бастап үш күні ішінде құралады және қол қойылады және онда болу керек:

1) қоғамның толық атауы;

2) отырысты өткізу күні, уақыты және орыны;

3) отырыста қатысқан тұлғалар туралы деректер;

4) отырыстың күн тәртібі;

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

- 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да деректер;

Директорлар кеңесінің отырыстарының хаттамалары мен сырттай дауыс беру арқылы жасалған директорлар кеңесінің шешімдері қоғамның мұрағатында сақталады.

49. Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесінің талабы бойынша оған директорлар кеңесінің отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу және (немесе) оған қоғамның өкілетті органының қолымен және қоғам мөрімен расталған хаттамадан жазбалар мен шешімдерді ұсыну керек.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе қоғамның директорлар кеңесінің Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

Акционер қоғамның директорлар кеңесінің Заңның және қоғам жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім акционерлік қоғамның және (немесе) осы акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

12 Бап. Қоғамның Президенті

50. Қоғамның күнделікті әрекетін басқаруды Президент жүзеге асырады, басқа органдардың және қоғамның қызметтік тұлғаларының құзырлығына жатпаған қоғамның әрекеті бойынша шешімдер қабылдайды. Президент акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындау керек. Оларға қатысты veto құқығы орнатылған Президенттің шешімдері «алтын акцияның» иесімен келісілуі керек. Қоғам оның Президентімен қоғаммен орнатылған шектеулерді бұза отыра жасалған келісімнің растығын даулауға құқылы, егер келісімді жасаған кезде тараптар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе. Президенттің функциялары, құқықтары мен мандаттері Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заңды актілерімен, қоғамның жарғысымен, сонымен қатар көрсетілген тұлғамен қоғам арасында жасалған еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Президентпен еңбек шартына директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған жалпы жиналыспен немесе директорлар кеңесімен өкілеттенген тұлғамен қол қойылады.

51. Қоғам Президенті:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындалуын ұйымдастырады;

2) сенім хатсыз қоғамның атынан үшінші тұлғалармен қатынаста жұмыс жасайды;

3) оның үшінші тұлғалармен қатынасында қоғамды ұсыну құқығын беретін сенім хаттар береді;

4) қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады (тек Заңмен қарастырылған жағдайлардан басқа), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік сөгістер жариялайды, қоғам қызметкерлерінің қызметтік жалақыларының және жеке қосулардың мөлшерлерін қоғамның штаттық кестесіне сәйкес орнатады, қоғам қызметкерлерінің сыйақылар мөлшерін анықтайды;

5) қызметкерлердің міндеттерін бөледі;

6) қоғамның жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналысымен және директорлар кеңесімен орнатылған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

13 Бап. Қоғамның ішкі аудит қызметі

52. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін

53. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның мүшелеріне сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей түрде директорлар кеңесіне есепті және оның алдында өзінің жұмысы бойынша жауапты.

54. Қоғамның лауазымды адамдары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны қоғам жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды.

5) егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға тиіс.

55. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде:

1) қателесуге әкеліп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат берудің;

2) Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзудың нәтижесінде келтірілген зиян үшін қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде олардың қоғамға келтірген зиянын не залалын лауазымды тұлғаға өтету туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғамның не акционердің залалға ұшырауына әкеп соқтырған қоғамның органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда қоғамның лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады

14 Бап. Қоғамға ірі акционерлермен және қоғамның қызметтік тұлғаларымен олардың аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну

56. Қоғам аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.

57. Ірі акционерлер мен қоғамның қызметтік тұлғалары өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы деректерді келесі мөлшерде ұсынады:

Жеке тұлғалар туралы					
Тегі, аты, жөні (болған жағдайда)	Жеке тұлғаның жеке басын растайтын құжаттың деректері және оның туған жері туралы деректер	Туған күні	Аффилирленгендікті қабылдау үшін негіздер	Аффилирленгендік пайда болу күні	Ескертулер

Заңды тұлғалар туралы:					
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, пошталық мекен-жай және заңды тұлғаның нақты орналасқан жері	Аффилирленгендікті қабылдау үшін негіздер	Аффилирленгендік пайда болу күні	Ескертулер	

58. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.

59. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен табыс етуге міндетті.

15 Бап. Қоғаммен ақпаратты ашу туралы

60. Қоғам өзінің акционерлеріне қоғам акционерлерінің қызығушылығына тиетін өз әрекеті туралы деректерді Заңға және нағызғы Жарғыға сәйкес жеткізеді.

Акционерлік қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарлауларын және Қазақстан Республикасының заңді актілеріне сәйкес міндетті түрде жария етілетін басқа ақпаратты жариялау үшін пайдалануы қажет бұқаралық ақпараттар құралы «Казахстанская правда», «Егемен Казахстан».

61. Акционердің талабы бойынша қоғам акционерге Заңмен қарастырылған құжаттардың көшіомелерін ұсынуға міндетті.

62. Қоғамның акционерлердің мүддесіне қатысты қызметі туралы ақпарат беру Заңға және қоғамның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат қоғам соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

63. Акционердің талап етуі бойынша қоғам оған Заңда көзделген құжаттардың көшірмесін қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша танысу үшін акционерге берілуге тиіс.

16 Бап. Қоғамды қайта құру және тарату

64. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдылығымен қарастырылған басқа да негіздер баойынша қайта құрыла және таратыла алады.

65. Қоғамды қайта құру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының асқа да нормативтік актілерімен реттеледі.

17 Бап. Қорытынды ережелер

66. Нағызғы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайда, қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік актілерін басшылыққа алады.

67. Нағызғы Жарғы оның мемлекеттік тіркеу күнінен бастап заңдылықпен орнатылған тәртіпте күшіне енеді.

Маховиков Владимир Александрович
«Логиком» АҚ Президенті Маховиков Владимир Александрович



КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Город Алматы, семнадцатого февраля две тысячи девятого года я, Кудашова Елена Петровна, нотариус города Алматы, действующий на основании лицензии №0000393 от 03.04.1999 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи гр.Маховикова Владимира Александровича, которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшего документ установлена.

Зарегистрировано в реестре за № 2-1922
Сумма, оплаченная частному нотариусу 1082-00 тенге
(в том числе 955-00 тенге за оказание технических услуг)



...бетте
НОМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ТІГІЛГЕН
ПРОНУМЕРОВАНО ПРОШНУРОВАНО
...стр.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЛМАТЫ ҚАЛА АРДАЛЫқ ЗАУЛЫ
Қоғамдық заңгерлік және
Сараптама қызметі Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік заңгерлік қызметін атқарушы
Қоғамдық заңгерлік және
Сараптама қызметінің Алматы қаласы
бөлімі

2009 05-03 21
0503

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЛМАТЫ ҚАЛА АРДАЛЫқ ЗАУЛЫ